

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ
№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК

№4 ХАТТАМА

Өткізілген күні: 04.05.2026ж.

Өткізілген орны: Акт залы

Қатысқандар: педагогикалық ұжым, тәрбиешілер, мамандар, әдіскер

Жылдық жұмыс қорытындысы

КҮН ТӘРТІБІ

1. 2025–2026 оқу жылы бойынша атқарылған жұмыстардың қорытындысы.
2. Жетістіктерді талдау және педагогикалық ұжым жұмысының нәтижелері.
3. Алдағы 2026–2027 оқу жылына ұсыныстар мен міндеттерді айқындау.

Бірінші мәселе бойынша:№43 «Гүлдәурен» балабақшасы МКҚК меңгерушісі Шокпарова Кулсым Тюлюмбаевна сөз алып, 2025–2026 оқу жылы барысында атқарылған жұмыстарға жан-жақты талдау жасады. Балабақша ұжымы жыл бойы мемлекеттік жалпыға міндетті мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту стандарты негізінде жүйелі жұмыстар жүргізгенін атап өтті.

Жылдық жоспарға сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтері, тәрбиелік іс-шаралар, сауықтыру бағытындағы жұмыстар, ата-аналармен байланыс және педагогтердің кәсіби дамуы жоспарлы түрде жүзеге асырылды.

Балалардың денсаулығын нығайту мақсатында санитарлық-гигиеналық талаптар толық сақталып, медициналық бақылау жүйелі жүргізілгені айтылды. Салауатты өмір салтын қалыптастыру бойынша спорттық шаралар, сергіту сәттері, таза ауадағы ойындар мен сауықтыру жұмыстары тұрақты ұйымдастырылған.

Сонымен қатар тәрбиеленушілердің танымдық, шығармашылық және тілдік қабілеттерін дамытуға бағытталған ашық оқу қызметтері, мерекелік ертеңгіліктер, байқаулар мен көрмелер жоғары деңгейде өткізілді.

Меңгеруші педагогтердің кәсіби біліктілігін арттыру жұмыстары да назардан тыс қалмағанын атап өтті. Тәрбиешілер аудандық, қалалық семинарларға қатысып, өз тәжірибелерімен бөлісті. Кейбір педагогтер әдістемелік материалдар әзірлеп, тәжірибе алмасу алаңдарында белсенділік танытты.

Екінші мәселе бойынша:Әдіскер **Саттықова Айшат Ақылбековна** сөз сөйлеп, оқу жылы ішіндегі жетістіктерге талдау жасады.

Әдіскер балабақшада білім беру сапасын арттыру бағытында жүйелі жұмыстар жүргізілген. Балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес ұйымдастырылған оқу қызметтері нәтижесінде тәрбиеленушілердің сөйлеу мәдениеті, логикалық ойлауы, шығармашылық белсенділігі және әлеуметтік дағдылары қалыптасқаны байқалған. Педагогтер заманауи әдіс-тәсілдерді тиімді пайдаланып, ойын арқылы оқыту технологияларын кеңінен қолданған. Әсіресе, тіл дамыту, көркем әдебиет, математика негіздері және қоршаған ортамен таныстыру бағыттарында жақсы нәтижелер көрсетілген.

Жыл ішінде өткізілген іс-шаралар барысында тәрбиеленушілер түрлі байқаулар мен шығармашылық көрмелерге қатысып, жүлделі орындарға ие болған. Бұл балабақша педагогтерінің кәсіби шеберлігінің нәтижесі екендігі атап өтілді.

Сонымен қатар ата-аналармен байланыс жұмыстары да оң нәтиже берген. Ата-аналар жиналыстары, кеңестер, ашық есік күндері ұйымдастырылып, отбасы мен балабақша арасындағы ынтымақтастық нығайтылған.

Әдіскер ұжымның бірлескен жұмысы нәтижесінде оқу жылы табысты аяқталғанын айтып, педагогтерге алғысын білдірді.

СӨЙЛЕГЕНДЕР:

Тәрбиеші Умирбекова Салтанат Саламатовна өз пікірлерін білдіріп, жыл бойы жүргізілген жұмыстардың тиімді болғанын атап өтті.

Педагогтер балалардың шығармашылық қабілеттері мен танымдық белсенділіктері артқанын, ұйымдастырылған іс-шаралардың тәрбиелік маңызы жоғары болғанын айтты. Сонымен қатар кейбір бағыттар бойынша әлі де жетілдіру жұмыстарын жүргізу қажеттігі айтылды.

Атап айтқанда:

- цифрлық технологияларды қолдану аясын кеңейту;
- жас мамандарға әдістемелік қолдау көрсету;
- ерекше білімді қажет ететін балалармен жұмысты жетілдіру;
- ата-аналармен серіктестік жұмыстарын одан әрі нығайту қажеттілігі ұсынылды.

ҚАУЛЫ ЕТТІ:

1. 2025–2026 оқу жылының қорытындысы қанағаттанарлық деп танылсын.
2. Балабақша педагогтерінің жыл бойғы атқарған жұмыстары оң бағалансын.
3. Барлық педагогтерге жазғы сауықтыру кезеңіне арналған жоспарларды уақытылы дайындау тапсырылсын.

Жиналыс төрайымы: Шокпарова Кулсым Тюлюмбаевна

Жиналыс хатшысы: Жолмагамбетова Айдана Темирхановна